

“АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ” АҚ

Тақырыбы:


Жынысты өзгерту



**Орындаған: Молдиярова Ақбота
Топ:545-ЖМ**

**Қабылдаған: Жапаров Улан
Сапиханович**

- **Жынысты өзгерту -** транссексуалдың төлқұжатын және физиологиялық жынысын қарама-қарсы жынысқа ауыстырылатын процедура. Заманауи медициналық көзқараста, транссексуалдардың жынысын өзгерту, гендерлік дисфорияны емдеуде, жалғыз эффективті әдіс. Транссексуалдар арасында статистика бойынша суицид өте жоғары.



Ең алғаш табиғат қателігін жөндеу үшін операция 1931 жылы Дания дәрігерлерімен жасалды. Бірақ ХХ ғасырдың 60-жылдарына дейін қоғам мұндай операцияларға дайын болмады.

1978 жылы АҚШ-та жынысты өзгертуге мамандандырылған халықаралық дәрігерлер ассоциациясы құрылды.

«Үшінші жыныс» Қазіргі уақытта жынысты өзгертуге бағытталған операциялар таңқаларлық жағдай емес. Мысалы, Британияда 2000-2010 жыл аралығында 853 ер адам әйелге айналу үшін хирургтардың көмегіне жүгінген. Статистика бойынша орта жас – 29. АҚШ-та жыл сайын 100 -500 операциялар жасалады. Дегенмен жынысын өзгерту бойынша Тайланд бірінші орында. Будда дінінде транссексуалдар ол адамның өткен өміріндегі қателігі үшін берілген жаза деп түсінеді. Салыстырмалы түрде ең арзан операцияларда осы елде жасалады. Ресми түрде бұл елде шамамен он мың транссексуал өмір сүреді.

Шариғат заңдарына бағынатын Ислам Республикасы Ираннын өзінде 1979 жылдан бері жыныс өзгертуге рұқсат берілген. Иранда операция шамамен 5 мың доллар тұрады, егер пациенттің көрсетілген сомаға ақшасы жетпесе, мемлекет 50% дейінгі соманы төлеп береді. Операциядан кейін «әйелге» жаңа құжаттар беріледі, жұмысқа орналасуда қиындықтар болмас үшін өз ісін бастауға кредит береді. Нәтижесінде Иран хирургтары әлем бойынша жыныс өзгерту операцияларын жүргізуде Тайландтан кейін екінші орында. Көрші Ресейде мұндай операциялар СССР кезеңінен бастап жасалған. Орташа бағасы 550 мың рублді құрайды.

Қазақстанда Vnews.kz сайтының мәліметтерінде 2010 жылдан бастап 8 қазақстандық (5 әйел, 3 ер адам) жынысын өзгерткен. Пациенттердің жасы 19-45 аралығында.

- **Жынысты өзгерту бірнеше этаптан тұрады.** Көптеген елдерде бұл процедура медициналық және құқықтық тұрғыдан регламенттелген. Ең алдымен диагнозды растау, одан кейін ұзақ гормональді коррекция, жыныс мүшелерін хирургиялық коррекциялаудан (қалауы бойынша бетін, денесін косметикалық коррекциялау) және құжаттарын өзгертуден тұрады. Барлық коррекция бір жылдан бірнеше жылға созылуы мүмкін.

- **Транссексуализм дегеніміз не?** Бұл адам өзін басқа жынысқа тиесілі деп есептейтін жағдай. Өзін «басқа денеде» жүргендей сезініп, қиналады. Өзінің басындағы проблемасымен басқалармен бөлісе алмайтындығы үшін оған екі есе қиын, себебі көп адамдар түсініспеушілік танытпайды.

Транссексуалдар арасында 90% өз-өзіне қол салады. Адам жанын гармонияға жеткізетін және мәселенің тиімді шешімі жынысты өзгерту. Пайда болу себептері толық анықталмаған бірақ келісідей көзқарастар бар:

- Тұлғаның конституционалды аномалиялары;
- Мидың жыныстық дифференциациясының бұзылуы;
- Жатырішілік даму кезінде гормондар мен ферменттер секрециясының бұзылуы және т.б.

Операция түрлері

Жынысты өзгертудің екі түрі бар:

- Еркек жыныс мүшесін әйел жынысына ауыстыру — MtF (Male to Female),
- Әйел жыныс мүшесін еркек жыныс мүшесіне ауыстыру — FtM (Female to Male).

Екінші түрі сирек кездеседі, себебі күрделі хирургиялық араласуларды қажет етеді, бағасы қымбат



• **Операцияға көрсеткіштер:**

- Пациентке 21 жас болу керек
- 2 жыл көлемінде психиатриялық бақылауда болу керек
- F 64.0 формалы справка, «транссексуализм» диагнозы қойылған
- 1 жыл гормонотерапия
- 1 жыл қарама-қарсы жыныс өмірімен өмір сүру
- Ең бастысы – науқас ұзақ постоперациялық госпитализация мен реабилитация жайлы білу керек
- **Диагноз болмауынан басқа қарсы көрсеткіштер:**
- егде жас немесе 18 жасқа дейін
- гомосексуализм
- ауыр жүйелі ауруларының болуы сонымен қатар психогенді
- алкоголизм.

MtF (Male to Female) бойынша жынысты коррекциялау

- **феминизирленген маммопластика** (сүт безін ұлғайту немесе ораналасқан орнын өзгерту);
- **орхиэктомия** (атабезін алып тастау);
- **пенэктомия** (еркек жыныс мүшесінің денесін алып тастау);
- **феминизирленген вагинопластика** (пениальді инверсия әдісі бойынша теріден қынап жасау, ұма терісінен жыныс еріндерін жасау, еркек жыныс мүшесінің басынан клитор жасау);
- **липосакция** (іштегі және бөкседегі артық майды алып тастау);
- **феминизирленген бет хирургиясы** (қасты, қабақты, жақты, мұрынды өзгерту).
- **өмір бойы гормональді терапия**

FtM (Female to Male) бойынша жынысты коррекциялау

- маскулинизирленген маммопластика (сүт бездерін алып тастау);
- Овариэктомия, гистеросальпингоэктомиямен (жатырды, фаллопи түтіктерін және анабезін алып тастау);
- вагинэктомия немесе маскулинизирленген вагинопластика (қынапты жабу немесе алып тастау);
- фаллопластика (дене терісінен фаллос жасау) немесе метоидиопластика (клитордан фаллос жасау);
- силикон имплантация (иекті, балтыр бұлшықеттерін ұлғайту және т.б.);
- липосакция
- өмір бойы гормональді терапия








ФОТО — жынысын өзгөртү бойынша операция
Лондон тұрғыны Джон – Джейнге айналды



- 1987 жыл: Сэм, 200.000 АҚШ долларын жұмсап, Самантаға айналды. Бірақ 7 жылдан кейін қайта ойланып 50.000 АҚШ долларын жұмсап өзіне бұрынғы жынысын қайтарды.
- 2001 жыл: Саманта— Чарльзге айналды.



1987



2001



Назарларыңызға рахмет!!!

